

**«Қажет несие – Ипотека»**

<b>Қарызды мақсатты пайдалану</b>	Бастапқы тұрғын үй сатып алуға Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін қаражат
<b>Валюта</b>	Теңге (KZT)
<b>Бастапқы жарна</b>	Кепілдік қамсыздандыру сомасының 20% Қарыз алушының бастамасы бойынша бастапқы жарнаны 20%-дан артық енгізуге жол беріледі
<b>Қарыздың ең төменгі сомасы</b>	2 000 000 теңге
<b>Қарыздың ең жоғарғы сомасы</b>	Кепілдік қамсыздандыру сомасының 80%, бірақ 20 000 000 теңгеден көп емес
<b>Мерзімі (ай)</b>	12-300
<b>Сыйақы мөлшерлемесі</b>	7%
<b>Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі</b>	7,21% бастап
<b>Қарыз бергені және қызмет көрсеткені үшін комиссиялар</b>	жоқ
<b>Сақтандыру</b>	жоқ
<b>Кепіл затына қойылатын талап</b>	Сатып алынатын Бастапқы тұрғын үй – жеке меншік құқығы қолданысқа енгізілгеннен бастап алғаш тіркелетін, салынған нысандағы өтімді пәтер.
<b>Сатып алынатын тұрғын үйдің ең жоғарғы бағасы</b>	25 000 000 теңге – Нұр-Сұлтан, Алматы және Республика Қазақстан заңнамасымен анықталған шекара шегінде олардың қала маңындағы аймақтары, Ақтау, Атырау, Шымкент қалалары үшін; өзге өңірлер үшін - 15 000 000 теңге
<b>Төлемге қабілеттілік</b>	Табысты толығымен растау
<b>Қарызгерге қойылатын талап</b>	Қазақстан Республикасының азаматтығы 21 жастан бастап. «7-20-25» Бағдарламасы бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша және кредит бюросының кредит есебімен расталған басқа ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешектің болмауы Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік құқығында тұрғын үйдің болмауы, бұған мыналар: - жатақханаларда отбасының әрбір мүшесіне пайдалы ауданы 15 шаршы метрден кем бөлмелердің болуы; - тұрғын үйдің орналасқан жері бойынша жергілікті атқару органының тиісті анықтамасымен расталатын авариялық күйдегі, құлау (қирау) қаупі бар тұрғын үйдің болуы кірмейді
<b>Тең қарызгерге қойылатын талап</b>	Қазақстан Республикасының азаматтығы. 21 жастан бастап. Кез келген жеке тұлға Тең қарызгер бола алады. «7-20-25» Бағдарламасы бойынша тұрғын үй ипотекалық қарыздар бойынша және өзге тұрғын үй ипотекалық қарыздар бойынша өтелмеген берешектің болмауына қатысты, сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағында жеке меншік құқығында тұрғын үйдің болмауына қатысты талаптар Тең қарызгерге қолданылмайды
<b>Мерзімнен бұрын өтеу мүмкіндігі</b>	Комиссия және айыппұл төлеусіз, Қарызды мерзімнен бұрын толық немесе ішінара өтеуге жол беріледі.



<b>Өнім бойынша ерекше шарттар</b>	Мыналардың: 1) тәуелсіз бағалаушы айқындаған құнның; 2) банк айқындаған құнның; 3) тұрғын үйді сатып алу жөніндегі мәміле бағасының ең аз мөлшері бойынша айқындалады.
	Қаржыландыруды Қарызды қайта қаржыландыруға, тұрғылықсыз жылжымайтын мүлік, жер телімін және Бастапқы тұрғын үйден бөлек өзге жылжымайтын мүлік сатып алуға бағыттауға жол берілмейді.
	Тіркеуші органда Кепіл затына ауыртпалық салуды/алуды Қарызгер/Тең қарызгер/Кепіл беруші өз қаражаты есебінен жүзеге асырады.
	Клиент үшін бастапқы жарна мөлшері Бастапқы тұрғын үйдің ең төменгі бағасына қарай, оны анықтаған тарапқа тәуелсіз анықталады (тәуелсіз бағалау компаниясы, Банктің кепілдік қамсыздандыруды бағалау бөлімшесі немесе Сатушы) және Клиенттің Банктегі шотына орналастырылған, Бастапқы тұрғын үй бағасының кем дегенде 20% құрайды.

**Қажетті құжаттар тізімі\*:**

1. Қарызгердің/Тең қарызгердің/Кепіл берушінің/кепілгердің Қарызгердің/Тең қарызгердің/Кепіл берушінің жұбайының/зайыбының/кепілгердің жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болуы тиіс).
2. Қарызгердің/Тең қарызгердің/Кепіл берушінің/кепілгердің өтініш беру кезіндегі отбасылық жағдайын растайтын құжаттар (неке қию/неке бұзу туралы куәліктің, неке келісім-шартының және т.б. көшірмесі).
3. Қамсыздандыру нысанына құқық белгілейтін, техникалық және сәйкестендіру құжаттары (көшірмелері).
4. Қарызгердің/Тең қарызгердің өтініш беру күніне дейінгі 6 (алты) кезекті ай үшін Қарызгердің/Тең қарызгердің/кепілгердің жалақысын және (немесе) өзге табысын көрсететін және растайтын құжаттар (түпнұсқа).
5. Ағымдағы күнге қарызгердің жылжымайтын мүлігі жоқ (бар) екендігі туралы анықтама және қарызгердің «7-20-25» Бағдарламасының талаптарына сәйкестігін растайтын өзге құжаттар (түпнұсқа).
6. Жылжымайтын мүліктің орналасқан жері бойынша жергілікті атқару органынан, қарызгердің жылжымайтын мүлігінің авариялық күйін, құлау (қирау) қаупін растайтын анықтама (болған жағдайда (түпнұсқа)).

\* Банктің талап етуі бойынша қарыз беру үшін өзге құжаттар сұралуы мүмкін. Несие маманы құжаттардың барлық көшірмелерін оның түпнұсқаларымен салыстырады және куәландырады.

"Bank RVK" АҚ Активтерін және пассивтерін басқару жөніндегі комитеттің шешімімен бекітілген Жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары (17.03.2020 жылғы №12 хаттама).